



Жоспар:

- I. **КІРІСПЕ БӨЛІМ:** РӘМІЗДЕР
ТАРИХЫ
- II. **НЕГІЗГІ БӨЛІМ:** МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕР
 1. ТУ
 2. ЕЛТАҢБА
 3. ӘНҰРАН
- III. **ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ:** РӘМІЗДЕР –
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Қазақ тарихындағы рәміздердің қалыптасу кезеңдері

- 1. Діни наным түсінігіне байланысты белгілер.** (ежелгі түркілер көкбөрінің басын байрақ етіп, бас киімінің төбесіне үкі қадаған)
- 2. Рәміздік нышандар айшықталған металл теңгелер** (Отырар, Тараз қалаларынан) Монетадағы белгілер мен жазулар арқылы мемлекетті басқару түрлерін, патшаның ауысуын, әулет шежіресін, мемлекеттік төңкерістерді т.б. анықтауға болады.
- 3. Ру-тайпаның таңбасы мен рулық ұраны** сол ру-тайпаның басты рәмізі болды. Меншіктік таңбаларды дәстүрлі қазақ қоғамында әр ру-тайпа иелігіндегі мал-мүлікке, қару-жараққа ен, таңба, белгі салып отырған.

4. Мөрлер . Өзге ұлыстармен, көрші елдермен саудасаттық, дипломатиялық байланыстар орнауына орай қалыптасты. Қазақ хандары, билері, сұлтандары, батырларының жеке мөрлері негізінен жүзік түрінде болған

5. Әулеттік эмблемалар. (Маулан Сайфуддин Қойлақтың, Қожа Ахмет Иасауидің)


6. Алғашқы мемлекеттік гербі Қазан төңкерісінен кейін жасалды. 1923 ж. 6 маусымда БОАК біртұтас КСРО –ның бірінші мемлекеттік гербін бекітті, оның сипаттамасы 1924 жылғы Конституцияда мазмұндалды.



7. 1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін алған кезде, тұңғыш президентіміз Кеңестік Қазақстанның рәміздерімен ант етті.

8. Мемлекеттік рәміздер: Ту , Елтаңба, Әнұран. 1992 ж. 4 маусымда ресми түрде бекітілді.





Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік әнұран мемлекеттік рәміздер болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.

Осы заңның 1- тарауында мемлекеттік рәміздер туралы, 2,3,4- тарауында мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі туралы, 5- тарауында мемлекеттік органдардың құзыреті туралы, 6- тарауда қорытынды ережелер жазылған.

Мемлекеттік Ту



Ту – мемлекеттің егемендік пен біртұтастықты білдіретін басты рәміздерінің бірі.

«Флаг» термині «vlag» деген нидерланд сөзінен шыққан және белгіленген көлем мен түстегі, әдетте елтаңба немесе эмблема түрінде бейнеленген, діңгекке немесе бауға бекітілген мата ұғымын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы — ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Туды сабының тұсында ұлттық өрнек нақышталған тік жолақ көктеп өтеді. Күн, шұғыла, қыран және өрнек бейнелері алтын түстес.

Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы — 1:2.

Ең көне ту жобамен б. э. д. 3000 жыл бұрын жасалған, ол Иран территориясында 1972 жылы табылған.





- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы **Шәкен Онласынұлы Ниязбеков** Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері. Қазақстан дизайн өнерінің негізін қалаушылардың бірі.

1938 жылы 12 қарашада Тараз қаласында дүниеге келді. Алматы қаласының бас суретшісі.

- Чехословакияда өткен Халықаралық байқаудың алтын медалін (1961) және Санкт-Петербуркте өткен плакаттар байқауының бірінші жүлдесін (1982) жеңіп алған.

Мемлекеттік Елтаңба





Елтаңба — бүкіл әлем мойындаған мемлекеттіліктің ерекше маңызды нышаны.

«Герб» термині неміс сөзінен аударғанда «Мұра» немесе «енші» мағынасын береді .

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы - дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде - бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде "Қазақстан" деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ "Қазақстан" деген жазу - алтын түстес.

Қазақстанда өмір сүрген ежелгі сақ тайпасының өздерін ерекше айрықшаландыратын «Тамға» атанған тотем белгісі болған. Аталған термин Түрік қағанаты кезінде қолданыла бастаған.


Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік
елтаңбасының авторлары :

**Жандарбек Мәлібекұлы
Мәлібеков** — Өзбекстанның
еңбек сіңірген сәулетшісі.

1942 жылы 24 наурызда
Қызылорда облысы
Жаңақорған ауданы Екпінді
ауылында туған.

Жобалардың Бас сәулетшісі,
Өзбек өнеркәсіптік ғылыми-
зерттеу институтының қала
кұрылысы шеберханасының
жетекшісі.



news.ucoz.kz

news.ucoz.kz



2. Шот - Аман Ыдырысұлы Уәлиханов - Қазақстанның еңбек сіңірген сәулетшісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті қоғам қайраткері.

1932 жылы 26 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы, Сырымбет ауылында туған.

1 «Динамо» стадионын жобалау бойынша шығармашылық топқа қатысушы. Алматы қаласындағы Тәуелсіздік монументі авторлар шығармашылық тобының жетекшісі

Мемлекеттік Әнұран

Менің Қазақстаным

Сөзін жазғандар: Нұрсұлтан Назарбаев
Жүмекен Нәжімеденов

Әні: Шәмші Қалдаяқов


Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны –
Еліме қарашы
Ежелден ер деген,
Данқымыз шықты ғой!
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің жерім,
Гүлің болып егілемін.
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің -Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.

Біздің ел бақытты, Біздің ел осындай!



✓ **Әнұран** — бұл дыбыстық рәміз, әлеуметтік-саяси бірігуде және еліміздегі азаматтарды этномәдени біртұрпаттылықта айтарлықтай мағына береді.

✓ «Гимн» терминінің өзі гректің «gimneo» сөзінен алғанда «салтанатты ән» дегенді білдіреді.

✓ Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының ауыр тауқыметін көрсетуге арналған «Елім-ай» әні халықтың сол кездегі гимні болған. Оны XVIII ғасырдың атақты батыры, ақын-сазгер Қожаберген жырау Толыбайұлы жазған.

Алғашқы Әнұран

- 1992 жылы республика гимнінің мәтіні мен әніне конкурс жарияланды. Комиссия іріктеуіне барлығы 750 жоба келіп түсті.
- Конкурста төрт атақты ақын: Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаевалар жеңіске жетті.
- Қазақстан әнұранының әнін алғаш жазған авторлар: Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди.



□2006 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Мемлекеттік нышандар туралы» Жарлыққа түзетулер енгізілді.

□Жаңа әнұранның негізі өткен ғасырдың екінші жартысының 50-ші жылдарындағы бақытты өмірді жырлаған, халыққа танымал патриоттық ән — «Менің Қазақстаным».

□2006 жылдың 10 қаңтары — ресми жариялау күні — тарихқа еліміздің жаңа әнұранының туған күні ретінде жазылып отыр.

□Әнұран авторлары:

Әнін жазған – Ш .Қалдаяқов

Сөзін жазғандар: Ж.Нәжімеденов, Н.Назарбаев



1. **Шәмші Қалдаяқұлы Қалдаяқов** — композитор, Қазақстан Республикасының халық әртісі, Жастар одағы сыйлығының лауреаты.

1930 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданының Шәуілдір ауылында дүниеге келген.

Халық арасында «Қазақ вальсінің королі» ретінде танымал композитор 300-ден астам ән жазған.



**2. Жүмекен Сабырұлы
Нәжімеденов** — белгілі
ақын, Жастар
сыйлығының лауреаты.

**1935 жылы Атырау
облысы ,Құрманғазы
ауданының Қошалақ
ауылында дүниеге келген.**

**«Балауса», «Сыбызғы сыры»,
«Өз көзіммен», «Жоқ, ұмытуға
болмайды», «Жарық пен
жылу» және т. б.
шығармалары бар.**



3. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев — Қазақстан Республикасының Президенті.

Көптеген ғылыми және әдеби еңбектердің авторы: «Әділеттің ақ жолы», «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында», «Сындарлы он жыл», «Еуразия жүрегінде» және тағы басқа кітаптар.

Халық арасында танымал «Менің елім», «Үш қоңыр», «Жерім менің» патриоттық әндердің сөзінің авторы.



Мемлекеттік рәміздер- халқымыздың рухын, ұлттық салт- санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман- тілегін жеткізетін, еліміздің өткені, бүгіні мен келешегі арасындағы сабақтастықтың жарық бейнесіне айналған ерекше құнды белгілер.

Н.Ә.Назарбаев



Қорытынды

“Біз Тәуелсіздігіміздің нышандарын көздің қарашығындай сақтауымыз керек, қасиет тұтуымыз керек.

Еліміздің әрбір азаматы Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын ерекше құрметтеуге міндетті. Өйткені олар – халқымыздың мақтанышы, біздің ең киелі құндылықтарымыз.”



Т. Д. Арбаев



Рәміздерімізді құрметтейік!
Еліміздің патриоты

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. www.akorda.kz
2. www.egov.kz
3. www.tarih-begalinka.kz
4. www.ulas.kz
5. **Wikipedia**